

**Ауданның коммуналдық мүлігін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 399 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 қаңтарда N 3088 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 шілдедегі N 228 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 20.07.2015 N 228 қаулысымен (қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабы 1- тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылы 1 наурыздағы Заңының 74-бабының 3- тармағына, "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидасының 50-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ауданның коммуналдық мүлігін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Л.В. Топороваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*И. Турков*

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 399 қаулысымен бекітілген

**Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидасы**

1. Осы Қағида аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға (жалға) беру кезінде осы жалдық төлем мөлшерінің есебі (одан әрі – Қағида) "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға (жалға) беру қағидасын бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға (жалға) беру тәртібі" 50- тармағына сәйкес әзірленген және аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалға (жалға) тапсырған кезде жалдық төлем мөлшерінің есептеу тәртібін анықтайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын үй емес қордың объектілерін мүліктік жалға (жалға) ұсынған кезде жылдық жалдық төлем мөлшерінің есебі базалық ставкалар және құрылыс түрін ескеретін қолданылатын коэффициент мөлшерлері, тұрғын үй емес қорлар, жайлылық дәрежесі, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдастырушылық- құқықтық формасы негізінде анықталады және  $JТ = JТбс \times Ж\alpha \times Қтк \times Жде \times Теғтк \times Жқтк \times Жұқфк \times Аок$  формуласы бойынша іске асырылады, онда:

ЖТ деген: аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын үй емес қордың объектілерін жылына 1 шаршы метріне жылдық жалдық төлем мөлшері;

ЖТбс – сәйкес жылға республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 1 шаршы метріне жалдық төлемнің базалық ставкасы, 1,5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, теңгемен белгіленеді;

Жα – жалға алынатын аумақ, шаршы метр;

Қтк – құрылыс түрін ескеретін еселік;

Жде - жайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

Теғтк- тұрғын үй емес ғимараттың түрін ескеретін коэффициент;

Жқтк– жалға алушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

Жұқфк – жалдаушының ұйымдастыру- құқықтық формасын ескеретін коэффициент;

Аок – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

1-қосымшада есептеу үшін коэффициенттер келтірілген.

3. Жалдық төлемдердің есептеу құны айында формула бойынша анықталады:

$Же = ЖТ * S/12$ , онда;

ЖЕ – айына жалдау төлемінің құны, теңге;

ЖТ - 1 шаршы метрге жалдау төлемінің жылдық мөлшері, жылына теңге;

S- жалдаушының алатын аумағы (көмекші есебімен).

4. Мемлекеттік тұрғын үй емес қорды алмағанда автокөлік құралдарын, жабдықтарды, жиһаздарды, инженерлік желілерді коммуникацияларды және аудандық коммуналдық меншіктің өзге мүліктерін мүліктік жалдауға (жалдау) жалдық төлем есебі.

Мемлекеттік тұрғын үй емес қорды алмағанда аудандық автокөлік құралдарын, жабдықтарды, инженерлік желілерді және коммуникацияларды және аудандық коммуналдық меншіктің өзге мүліктерін мүліктік жалдауға (жалдау) жылдық жалдау төлемі:

$$ЖТ = Бс \times Пмк \times Пжк$$

формуласы бойынша анықталады, онда:

ЖТ - деген: - жалдау төлемнің жылдық ставкасы;

Бс – жылға жалға алудың базалық ставкасы, қабылданатын  $C = (S \text{ бал.} \times \text{Наморт.})$ ;

S бал деген: - берілетін объектінің бастапқы құны;

Наморт –жылдық тозу нормасы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес қаржылық активтердің ең соңғы амортизация нормалары негізінде анықталады;

Пмк- пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент;

Пжк –пайдалану жағдайын ескеретін коэффициент;

2- қосымшада есептеу үшін коэффициенттер келтірілген.

5. Кестеде коэффициент болмаған жағдайда, 1- ге тең коэффициент қолданады.

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 399 қаулысымен бекітілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидасына 1 қосымша

№ р/с	Коэффициентер түрі	Коэффициент мөлшері
1	Құрылыс түрін ескеретін коэффициент (Қтк):	
	1.1 кеңселік	1
	1.2 өндірістік	0,8
	1.3 қоймалық, гараждық, қазандық	0,6
	1.4 Спорт құрылыстары (стадиондар, спорт залдары)	0,7
2	Жайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент, (ЖДК)	
	2.1 ғимараттар үшін барлық инженерлік- техникалық құрылғыларымен (электр қуаты, канализация, сумен жабдықтау, жылыту) қандай да бір коммуникация түрлері болмаған кезде әрбір болмаған түріне 0,1-ге кемиді	1 , 0
3	Тұрғын үй емес ғимарат түрін ескеретін коэффициент, (Тғтк)	
	3.1 Бөлек тұрған ғимарат	1
	3.2 Ғимараттағы бөлме	1
	3.3 Ғимараттың цокольдық қабаты немесе жартылай үйдің асты	0,7
	3.4 Үй астындағы бөлме	0,4
4	Жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент, (Жқтк):	
	4.1 Брокерлік қызметтер және кедендік қызметтер көрсету, айырбастау пункттері,	

	сақтандыру, инвестициялық серіктестік, наториалдық которлар, адвокаттық конторлар, банктердің есептеу-кассалық орталықтары үшін	5
	4.2 Коммуникациялық қызметтер, соның ішінде байланыс қызметтері, автоматтандырылған телефон станциялары, пошталар үшін	1 , 4
	4.3 Тұрмыстық, салт- жора қызметтер көрсету, жалға беретін пункттер үшін	2,0
	4.4 қонақ үй қызметтерін көрсету, сауда қызметтері, дәріхана және дәріханалық пункттер, қоғамдық тамақтандыру саласындағы қызметтер (шағын дәмхана, мейрамхана, асханалар, буфеттер) үшін	3
	4.5 Білім ұйымдарында қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру үшін	0,5
	4.6 білім саласында қызметтер көрсету үшін ( оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие, мектептен тыс үйірмелік қызметтер), денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, мәдени-демалу қызметтері үшін	1
	4.7 Қызметтік, кеңселік бөлмелер үшін	1
	4.8 өндірістік қызметтер, техникалық қызмет көрсету станциялары, шеберханалар үшін	2
	4.9 Гараждарға, қоймаларға, жүк сақтау орындарына арналған бөлме	2
	4.10 Басқа қызмет түрлері үшін	1
5	Жалдаушының ұйымдастыру- құқықтық формасын ескеретін коэффициент ( Жұқфк)	1
	5.1 жеке кәсіпкерлер үшін, өндірістік қызметтерді ұйымдастыру және халықтарға қызмет көрсету салаларын дамыту үшін, сауда-делдалдық қызметтерді алмағанда	0,9
	5.2 қайырымдылық және қоғамдық және бірлестік ұйымдар, коммерциялық емес ұйымдар үшін,	0 , 5
	5.3 барлық қалғандар үшін	1
6	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент, ( Аок )	
	6.1 аудандық орталық	1
	6.2 селолық елді мекендер , аудандық орталықтан басқа	0,5

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 399 қаулысымен бекітілген аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидасына 2 қосымша

№ р/с	Коэффициенттер түрі	Коэффициенттің мөлшері
1	пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент, Пмк	
	Автокөліктік құралдар, құрылыс, жұмыс және ауылшаруашылығы машиналары -1 жылдан 5 жылға дейін пайдаланған кезде - 5 жылдан артық пайдаланған кезде	1 , 2 1,0
	Жамбықтар, инженерлік желілер, коммуникациялар және басқалар - 1 жылдан 7 жылға дейін пайдаланған кезде - 7 жылдан артық пайдаланған кезде	1 , 2 1,0
2	пайдалану жағдайын ескеретін коэффициент, Пжк	
	Автокөліктік құралдар, жабдықтар - аудандық орталықтың аумақтарында пайдаланған кезде - ауданның қалған аумақтарында пайдаланған кезде	1 , 4 1,0

